

ӘОЖ 81(091)

А. Т. Исламова

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ІІ курс магистранты,  
Алматы қ., Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – ф. ғ. к. аға оқытушы Ф. Б. Шойбекова  
e-mail: aigerim\_90-11@mail.ru

### Рәбиға Сыздық және қазақ тіл ғылымының өзекті мәселелері

Ғылыми мақалада қазақ тіл ғылымының көрнекті өкілі, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р. Сыздықтың қазақ тіл біліміндегі орны, зерттеу бағыттары мен алатын орны, ғалымдық тұлғасы сөз болады. Қазақ лингвистикасы ғылымы өзінің даму тарихында түрлі көзқарастар мен ғылыми тұжырымдардың, теориялар мен зерттеулердің куәсі болған. Сондай дәйекті тұжырымдар мен ғылыми зерттеулердің авторы, қазақ тіл ғылымында ғана емес, ұлт психологиясын дамытуда, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде, жалпы қазақ халқының ұлттық болмысында өзіндік қолтаңбасы мен өрелі биіктігі бар Р. Сыздық – ғалым ретінде де, адамдық болмысы жағынан да қайталанбас тұлға. Академик тынымсыз ізденісі арқылы тіл ғылымының өзекті мәселелері қатарында аталатын әдеби тіл нормалары мен олардың қалыптасу ерекшеліктері, тіл мен сөйлеу мәдениетінің нормативті қалыптары, жазу мен емле заңдылықтары, Қ. Жұбановтың қазақ тіл біліміндегі орны, А. Байтұрсынов және тіл білімі мәселелері, лингводидактика және қолданбалы лингвистика, Абай тілінің ерекшеліктері, түркітану мәселелері, тарихи лексикологияның негізгі қырлары, көркем мәтін лингвистикасы және оны талдау, тіл білімінің жаңа бағыттары, қазақ тілінің синхрондық және диахрондық жағдайы, тілдегі мақсатты-стильдік саралану секілді тілдік проблемаларды көтеру арқылы жалпы теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды тұжырымдардың жасалуына әлі күнге дейін ат салысып келеді.

**Түйін сөздер:** Тіл білімі, Р. Сыздық, лингводидактика, қолданбалы лингвистика, тарихи лексикология, тіл білімінің жаңа бағыттары, қазақ әдеби тіл тарихы.

А. Т. Исламова

### Рабига Сыздық и основные проблемы казахского языкознания

В этой научной статье рассматривается научная деятельность, роль, исследовательские направления видного ученого, академика НАН РК, д.ф.н., профессора Р. Сыздык в казахском языкознании. Казахское языкознание на разных этапах развития был свидетелем различных теорий, исследований, научных выводов и взглядов. Р. Сыздык – автор выводов и научных трудов, видный ученый не только в казахской лингвистике, но и в развитии национальной психологии, заслуженный деятель РК. Академик благодаря своим непрерывным поискам исследует основные проблемы казахского языкознания, как нормы литературного языка и его особенности формирования, нормативные формы культурной речи и языка, орфографические и пунктуационные закономерности казахского языка, роль К. Жубанова в казахском языкознании, А. Байтұрсынов и основные проблемы языкознания, лингводидактика и прикладная лингвистика, языковые особенности произведения Абая, проблемы тюркологии, основные аспекты исторической лексикологии, лингвистика художественного текста и его анализ, новые направления казахского языкознания, исследование состояния казахского языка в синхронном и диахронном аспектах, целевая-стилистическая дифференциация в языке. Видный ученый до сегодняшнего дня успешно участвует в решениях важных теоретических и практических проблем языкознания.

**Ключевые слова:** языкознание, Р. Сыздык, лингводидактика, прикладная лингвистика, историческая лексикология, новые направления казахского языкознания, история казахского литературного языка.

А. Т. Islamova

### Rabiga Syzdyk and main problems of Kazakh linguistics

In this research article examines the scientific activities, role, research directions of visible scientist, academician of national academy of sciences of Kazakhstan, doctor of philological sciences, Professor R. Syzdyk in the Kazakh linguistics. Kazakh linguistics in the stages development witnessed different theory, research, scientific conclusions and looks. R. Syzdyk is an author of conclusions and scientific works, visible scientist not only in Kazakh linguistics but also in development of national psychology, honored worker Republic of Kazakhstan. An academician due to the continuous searches investigates such basic problems of Kazakh linguistics, as norms of literary language and its feature of forming, normative forms of cultural speech and language, orthographic and punctuation conformities to law of Kazakh, role of K. Zhubanov in Kazakh linguistics, A. Baytursynov and basic problems of linguistics,

linguodidactics and applied linguistics, language features work of Abay, problems of turcologist, basic aspects of historical lexicology, linguistics of artistic text and his analysis, new directions of Kazakh linguistics, research the state of Kazakh in synchronous and diachronic aspects, mission-stylistic differentiation in a language. A visible scientist to today successfully participates in the decisions of important theoretical and practical problems of linguistics.

**Key words:** linguistics, R. Syzdyk, linguodidactics, applied linguistics, historical lexicology, new directions of Kazakh linguistics, history of literary Kazakh.

Бүгінгі қазақ тіл ғылымы – бірнеше ғасырлар бойы дамып жетілудің жемісі. Өзінің даму тарихында аталмыш ғылым сан-салалы көзқарастардың, ғылыми тұжырымдардың және білікті зерттеушілердің куәсі бола отырып, дамуын тоқтатпай, бүгін де өрге ұмтылуда. Осы орайда тіл білімінің өзекті мәселелерін өткір айта және өзінің ғылыми зерттеулеріне арқау ете білген, зерделі тұжырымдарымен өз орнын тапқан, қазақ тілінің өзіндік болмысын танытқан, тіл білімінің даму, өзгеру, жаңару үрдісінен қалыспай келе жатқан ғалымдардың орны ерекше.

Ел болып, еңсе тіктегеннен кейін тіл ғылымын салааралық зерттеу, тіл тарихын жаңаша қарастыру, тіл біліміндегі лингвистикалық еңбектердің мәні мен маңызын ашу, қазақ тіл білімінің теориялық мәселелері мен практикалық қырларын ұштастыру, тілдегі түрлі бағыт-көзқарастармен таныса отырып, қазақ тілінің ұлттық болмысын, ұлттұтастырушылық қызметін ашу, саралау, тілді адаммен байланыста қарастыру т.б. мәселелер – ХХІ ғасырдағы қазақ тіл білімінің зерттеу нысанына айналған өзекті басымдықтар. Жоғарыда аталған өзекті мәселелерді шешу тіл білімінің өткен тарихымен және бүгінімен ұштастырылады. Себебі ғылым міндетті түрде ғалым есімімен, зерттеу еңбектерімен ғылыми тұжырымдарымен тікелей байланысты. Ал ғалымның еңбектерін жүйелеу, оның жан-жақты зерттеу бағыттарын ашу, өзектілігін таныту түптеп келгенде ғылымның даму тарихын зерттеу, тану, зерделеу, саралау болмақ.

Қазақ тіл білімі ғылымында ғана емес, ұлт психологиясын дамытуда, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде, жалпы қазақ халқының ұлттық рухани болмысында өзіндік қолтаңбасы мен өрелі биіктігі бар Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Мем-

лекеттік сыйлығының және Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері Рәбиға Сәтіғалиқызы (Ғалиқызы) Сыздық секілді қайталанбас қазақ қызының өмір жолына, белестері мен бағындырған асуларына, ғылымда салған сара жолына ден қойып, зерттеу барысында оның бүкіл болмысын ашар тегінен дарыған, жастайынан ортасы қалыптастырған тұлғалық қасиеттерін айтпай өтуімізге болмас. «Рәбиға Сыздықтың адами қасиеттері мен ғалымдық табиғаты арасындағы тамырластық төркінінде осындай бір үйлесім үлгісі мен сұлулық сыры бары анық» [1, 7], – дегендей, Р.Сыздық – қазақ тілтаным ғылымында аса ерекше аталатын көрнекті тұлғалардың бірегейі. Ғалым бұл биіктікке өзінің табиғи туа біткен дарыны, жоғары танымдық қасиеті мен тынымсыз ізденісі арқылы жетіп отыр. Ғылымның ауыр жолында алмастай жарқыраған қазақтың біртума қызының қазақ тіл білімінде зерттеген тақырыптары мен салалары сан қырлы. Шешімін таппаған тартысты, даулы мәселелер, екі ұшты тұжырымдарға дәлелді ой айтып, тұшымды пікір келтіре білген ғалым әлі күнге дейін тіл білімін жаңаша, салааралық сипатта байланыстыра зерттеумен айналысып келеді. Рәбиға Сыздық туралы сөз болғанда, ең алдымен, оның қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеті мәселелері арасындағы «алтын көпір» екені ойға оралады. Себебі ол қос әлемді біртұтас, ажырамас бірлік ретінде қарастырып, бүтін дүние тудыра білді. Әдеби мұралардың, ақын-жазушылардың тілін зерттей отырып, қазақ лингвистикасында өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Бұған мысал ретінде, 1950 жылдардан бергі көкірек көзінен өткізіп, ғылыми танымның биік деңгейіне жеткізген Абай тілін зерттеуі, түркітану мұраларын талдауы, ақын-жазушылар тілінің көркемдік әлемін саралауы – ғалымның алғашқы ерекшелігі. Тілдің бейнелік сипатын, сөз күдіретін, ұлт қазынасын саналатын қасиетті ана тіліміздің болмысын ашуда Р.Сыздықтың өзіндік қолтаңбасы мен мұралары жетерлік.



Сурет-1. Р. Сыздықтың қазақ тіл білімін зерттеу арналары (автор құрастырған)

Қазақ сөзінің даму тарихы мен мағынасын саралау – ғалым зерттеулерінде басымдыққа ие бағыттардың бірі. Ғалымның еңбектерін қарастырып отырған шақта кез келген адам өзінің ана тіліне, оның күдіретіне деген сүйіспеншілік сезімін сезінеді. Ғалым зерттеулерінің «Сөз күдіреті», «Сөздер сөйлейді», «Сөз сазы», «Абайдың сөз өрнегі» деп аталуының өзі де ғалым апамыздың сөз өнеріне, сөз байлығын қадірлей білуге деген құрметі болып саналады. Осы арқылы болашақ ұрпаққа ұлттық тәрбие беру көзі ретінде этнолингвистика саласына елеулі үлес қоса білді. Ол өзінің 1997 жылы жарық көрген «Сөз күдіреті» атты еңбегінде М.Әуезовтің 20-жылдардағы әңгімелері тілінен бастап, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкеев, Асқар Сүлейменов, Тахауи Ахтанов, Қабдеш Жұмаділов, Кәдірбек Сегізбайұлы тәрізді қазақ көркем сөзінің қас шеберлері қаламынан шыққан туындыларға лингвостилистикалық тұрғыдан талдау жасап, олардың сыры мен сымбатын ашып береді. Сөз шеберлерінің шығармаларын сөз таңдау, сөз қолданыс, сөз әрлеу тұрғысынан зерттейді. «Сөздер сөйлейді» еңбегі ғалымның аса бір зеректікпен орындаған жұмысы болды. Тілшінің өзі айтқанындай: «Белгілі бір сөздің, не сөз тіркесінің бұрынғы және қазіргі қолданысына, яғни сөз мағынасының өзгерісіне, даму эволюциясына назар аудару. Бұл ана тіліміздің барша байлығын айқындай түсуге жол ашады» [2, 159]. Онда ақын-жыраулар тілінде кездесетін сан алуан тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер құрамындағы көне сөздердің байырғы

мағыналары ашылып, олардың семантикалық өрім-өзгерістері сараланады. Еңбектің тарихи лексикология бойынша өте қажетті оқу құралының біріне айналуы сондықтан. Ғалым бұл кітапқа еңбегінің көп сіңгенін жазады. Кітапта қазіргі тіліміздегі бастапқы мағынасы күңгірттенген немесе мүлде ұмытылған, тарихи тұрғыдан түркі-моңғол, түркі-иран тілдеріне ортақ сөздердің әуелгі мәні анықталып, олардың түп төркінін анықтаудың жолдары мен тәсілдері, шарттары айқындалады. Бұл – екінші ерекшелік.

Үшінші ерекшелік – ғалымның сөздерді тікелей зерттемей, алдымен сөздерді «сөйлетіп», одан кейін ғылыми талдауға баруы. Сөзді қастерлеу мен қадірлеудің айрықша нысаны – сөз астарына көп мағына беру. Сөздің этимологиясын, оның қазіргі күнгі қолданысын талдау келе, қазақ тілінің байлығын, оның мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін жүйелі саралап береді. Қалың жұртшылыққа батырлар жырларындағы, лиро-эпостардағы, ХҮ-ХІХ ғасырда өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының тіліндегі, бағзы мақал-мәтелдердегі мағынасы күңгірт, түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін ашып берген «Сөздер сөйлейді» атты зерттеу еңбегін «Қазақ тілінің тарихи сөздігі» десек те болғандай. Осы зерттеуден екіншісі бір кездері «бұршақ» сөзінің мағынасы аспаннан жауатын затқа да, өсімдік атауына да (мысалы, лобия бұршағы) еш қатысы жоқ «шағын бұлдірге жіп, шылбыр» екенін, «қарындас» сөзінің тек әйел адамға ғана емес, ер адамға да, жалпы туыстыққа байланысты атау болатынын, «же-

тім» сөзінің «күл» мағынасын білдіретіні сияқты аса қызық тілдік фактілер топтастырылған.

Төртіншіден, қажырлы еңбегімен уақыт теңізге төтеп беріп, аузынан нәрлі сөзі, қолынан құнарлы қаламы түспеген, өн бойынан ұлтына деген құрметі, ғылымға деген қызығушылығы өшпеген Рәбиға апай кеңес кезінің өзінде-ақ тіл білімінің көрнекті өкілі – А.Байтұрсынов жайында тұңғыш зерттеу монографиясын жазып, елеулі ерлік жасады десек, артық айтқандық болмас. Р.Сыздық – А.Байтұрсыновты тұңғыш зерттеуші ғалым ретінде, ұлттық санамыздың ояну тарихына үңілу, ұлттық ғылым қалыптасуының сара жолын ашу т.б. мәселелерді алға тартып, ұлттық сипатқа ерекше мән берді. Белді ғалымның «Ахмет Байтұрсынов» [3] атты монографиясы, баспасөз бетінде жарық көрген бірнеше ғылыми мақалалары – біз үшін, болашақ тіл мамандарына үлкен үлгі-өнеге болса, қазақтың қайсар қызы Рәбиға апайымыз үшін – халқы алдындағы парызын өтегендік деп білеміз. «Міне, қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, XX ғасырдың бас кезіндегі үркердей шағын топ – демократтық бағыттағы қазақ интеллигенциясының ең ірі, ең беделді өкілі, бір емес, екі рет заңсыз жазғырылып, сталиндік режимнің құрбаны болған Ахмет Байтұрсыновты осылай танымыз» [3, 50], - дей отырып, төмендегідей батыл қорытындыларын жасайды:

- Қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, жаңашыл ағартушы;
- Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы;
- Қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым және Қазақстан ғылымын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі, қоғам қайраткері;

«Ахметтану», «Байтұрсыновтану» ғылымдарының қалыптасуына негіз болған, одан әрі дамып-жетілуіне алғышарт жасаған Рәбиға Сыздық бұрынғы зерттелген дүниені қамтымай, жаңаша проблемалық мақсаттарды алға тарта білді. Ол проблемаларды былайша саралап, нақтылап, ғылымның жаңаша сипатына, жаңаша ғылыми жүйеге бағдар берді:

- Ұлттық санамыздың ояну тарихына көз жіберу;
- Ұлттық интеллигенция тарихына үңілу;
- Ұлттық ғылымымыздың мәдениеттану, филология, лингвистика, педагогика сияқты тарамдарының пайда болып, қалыптасу тарихын зерттеу;

Бесіншіден, Р.Сыздық – түркітану саласында да елеулі еңбек сіңіріп, ұлттық құндылық-

тарымызды зерделеген дара тұлға. Білімі мен білігі, ақылы мен парасаты, ғалымдық табиғаты мен адамдық болмысы ұштасқан академиктің түркі мұраларын зерттеуі халқының бағалы туындылармен қайта қауышуына мүмкіндік бергені сөзсіз. Профессор Р.Сыздық түркітану ілімінде де өзіндік жолы бар зерттеуші. Бұл ретте оның «Язык Жами’ат-тауарих Жалаири» [4] және «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» [5] атты монографияларын ерекше атауға болады. Қадырғали Жалаиридің “Жами’ ат-тауарих” атты шежіресінің рухани мәдениет жағынан да, тілдік тұрғыдан да қазақ халқының байырғы дәуірінен қалған мұра екенін дәлелдеп шықты. Осы арқылы қазақ халқының рухани мұрасын байытуға айтарлықтай қомақты үлес қосты. Зерттеуді Жалаиридің дұрыс аты-жөні мен ныспысын анықтаудан бастаған ғалым, екі нұсқаны лингвотекстологиялық тұрғыдан салыстыра отырып, шежіре тілінің стилистикалық, лексика-фразеологиялық, графикалық және орфографиялық ерекшеліктерін зерделейді. Ғалым өзінің «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» атты монографиясында хикметтердің Самарқанд нұсқасы негізінде оның тіліне лексика-грамматикалық, текстологиялық тұрғылардан талдау жасаған. Р.Сәтіғалиқызы осы нұсқаның бастапқы түпнұсқаға ең жақын көшірме болып табылатындығын жазады. Зерттеу барысында ғалым лексикалық тұрғыдан да, грамматикалық тұрғыдан да Ясауи тілінің негізі қыпшақ-оғыз әдеби тілі деген қорытындыға келеді. Қос еңбек қазақ халқының рухани болмысы мен мәдениетін, әдебиетін танытуда баға жетпес мұра екені сөзсіз.

Алтыншыдан, қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуде өзіндік бағыт-бағдарды ұстануы. Қазақ әдеби тілі, оған берілген сан түрлі анықтамалар, даму, қалыптасу дәуірлері, пайда болуына негіз болған аймақтары, түп-тамыры, ауқымы туралы қазақ лингвистикасында талас тартыс, дау-дамай, ортақ ұстаным-пікірлерге келе алмаушылық орын алғаны белгілі. Атабаба дәстүрімен келе жатқан халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ара-жігін ажыратпақшы ғалымдарымызға қарсы ғылыми бағытын ұстанып, тайсалмай, дәлелді ойларымен Р.Сыздық күрес алаңына батыл шыға білді. Ешбір ғалымның пікіріне қарсы шықпай, жақтаспай, өзіндік бағытпен алға жылжыған батыл апайымыздың қазақ әдеби тілі жөніндегі пікірі әлі күнге дейін өз маңызын жоймақ емес. Қазақ сөзін халықпен тағдырлас деп қарап, сөз асылын іздеуден танбады. Сөздердің этимоло-

гиясына, мағыналық қырларына, қолданыстан шығып қалған тұстарына мән беріп, сөзді ұғымдық тұтастандыруға ұмтылды. Ғалымның еңбегі тек сөзді тұтастандыруға ғана емес, қазақ лексикасын зерттеу арқылы ұлттық танымымызды, санамызды, ойлауымызды дамытуға, яғни ұлттұтастырушылық қызметті де бірге атқарды.

Келесі ерекшелігі – Р.Сыздықтың Абай тілін зерттеп, зерделеуі. Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың туындыларын салааралық сипатта, яғни әдеби туындыны тілдік тұрғыдан талдауға бетбұрыс жасаған академик зерттеулері сан қырлы, яғни сөз қолдану, сөз таңдау, сөз құбылту, сөз үйлестіру, сөз үндестіру секілді аспектілерде жүргізілген. «Абайтану» ғылымының бір саласы ретінде дамыған Абай тілін зерттеу – профессор Р.Сыздық айрықша күш жұмсаған зерттеу нысанасы. Абай тілін танудың қырлары, «жүрекке жылы тиетін» тұстары мен ерекшеліктері, көркемдік әлемі Рәбиға Сыздықтың көкірек көзінен өтіп, сүбелі ғылыми еңбектер мен ғылыми зерттеу мақалаларына айналды. Осы беталыста академик Р.Сыздық тіл біліміндегі «Абай әлемін» құрды. Әрине, ғылым аяқталған кітап болып саналмайды, ешқашан да олай болған емес және болмайды да. Әрбір мәнді, маңызды жетістік жаңа мәселелерді алға тартады. Осындай жетістіктердің қатарында Р.Сыздың зерттеулерінің келесі айрықша белгісі ретінде қазақ тіл білімінің жаңа бағыттары немесе салааралық сипаттарын атауымызға болады. Когнитивті лингвистика, психолінгвистикалық қырлар,

этнолингвистика сынды тіл білімінің жаңа бағыттары – Р.Сыздық зерттеулерінің бірталайына тән аспектілер. Ғалым енді бірде: «Тегінде Абай уайымшыл емес, өмірді сүйген, тамашалай білген, әр нәрсеге үмітпен қарай білген суреткер. Мүмкін, сондықтан да Абайда жақсы сөзі 130 рет, жаман сөзі 46 рет, жақсылық сөзі 33, жаманшылық сөзі 18 рет, дос сөзі 60, достық 28 рет қолданылса, дұшпан 18-ақ рет, өмір 113 рет, өлім 26 рет аузына үйірілген болар» [6, 253], — деп ақын тіліндегі позитивті мағыналы сөздердің қолданыс жиілігін Абай оптимизмімен байланыстырады. Бұл – болашақ ұрпақты ұлттық қасиеттерге, ұлттық ойлау жүйесіне баулудың, адами қарым-қатынас ерекшеліктерін ұғындырудың бірден-бір жолы деп атасақ, қателеспеген болар едік.

Ұлттық қасиетті бойға сіңіретін рухани бастауларға: тіл, ойлау қабілеті, салт-дәстүр, тәрбие, психология жатса, бұл ұғымдар бір-біріне тәуелді. Тіл – ойды жүйелеуші, демеуші, жарыққа шығарушы болса, тәрбие – психологияны қалыптастырушы. Салт-дәстүр – ұлттық өмір сүру дағдысы, ұлттық психология – халықтың табиғи даралығы. Осы аталған тұтастықтардың барлығы Р.Сыздықтың лингвистикалық зерттеулерінде орын алып, өз маңызын жойған емес. Себебі, ғалымның әр зерттеуінің, әрбір ұлағатты сөзінің өн бойында ұлттық сананы, ұлттық ойлау жүйесін қалыптастыру, зерттеулеріне ұлт психологиясының құрамдас бөліктерін арқау ету басты назарына алған өзекті мәселелер екені айғақ.

Сурет-2. Рәбиға Сыздықтың Абай мұраларын тілдік бағытта зерттеулері





Сурет-3. Р. Сыздықты лингвистикалық бағытта зерттеуден туған тұжырымдар

Мемлекетіміздің рухани құндылықтарының бастысы – білім-ғылым десек, бұл тұрғыдан, ұлтымыздың сүйікті қызы, қазақ тіл ғылымының көрнекті қайраткері Рәбиға Сәтіғалиқызының азаматтық, ғалымдық, ұстаздық келбеті, өзіндік мектебі айқын қалыптасқан дер едік. Бүгінде ақыл мен ойдың кемелденген, тәжірибе мен көрегендіктің толысқан, шынайы шеберліктің шыңына шыққан шағындағы ұстазымыз Рәбиға Сыздықтың жарты ғасырдан астам уақыты қамтитын ғылыми-шығармашылық белестері қай-қайсысымызға да өміршең өнеге, там-

санарлық тағылым. Ең алдымен ғалымның тұлғалық қасиеттері болашақ ұрпаққа үлгі болуы тиіс. Қазақ тіліне, сөзіне деген құрмет, ұлттық құндылықтарды сақтауға деген талпыныс – кез келген ғалымның бойынан табыла бермейтін тұлғалық қасиеттер. Осыдан келіп, ғалымның осы қасиеттерін лингвистикалық зерттеулері арқылы болашақ ұрпаққа жеткізу, санасына сіңіру, маңыздылығын таныту мақсатында талай жұмыстар жүргізу қажеттігі туындайды. Бұл – болашақтың, яғни біздің асыл міндетіміз.

#### Әдебиеттер

- 1 Оразбаева Фаузия. Көп туса қазақ дәл сіздей қызды... [Мәтін] // Қазақ әдебиеті. – 2009. – №14. – Б. 7.
- 2 Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан). Толықтырылған 3-басылымы. – Алматы: Арыс, 2004. – 232 б.
- 3 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұ. – Алматы: Қазақ ССР «Білім қоғамы», 1990. – Б. 52.
- 4 Сыздықова Р. Язык «Жами ат-тауарих» Жалаири. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 243 с.
- 5 Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 б.
- 6 Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 614 б.

#### References

- 1 Orazbaeva Fauziya. Kөp tusa қазақ дәл сіздей қызды... [Mәtін] // Қазақ әдебиеті. – 2009. – №14. – Б. 7.
- 2 Syzdyk R. Sөzder sөyleydi (Sөzderdiң koldanyлу tarihyнан). Tolyktyryлған 3-basylymy. – Almaty: Arys, 2004. – 232 b.
- 3 Syzdykova R. Ahmet Baytұrсынұv. – Almaty: Қазақ ССР «Bilim қоғамы», 1990. – Б. 52.
- 4 Syzdykova R. Yazyk «Zhami at-tauarih» Zhalairi. – Alma-Ata: Nauka, 1989. – 243 s.
- 5 Syzdykova R. Yasauı «Hikmetteriniң» tili. – Almaty: Sөzdik-Slovar', 2004. – 552 b.
- 6 Syzdykova R. Abay zhөne қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Almaty: Arys, 2004. – 614 b.